

Арқадан шыққан өр тұлға



Дүйсенбай Жұмасейітов 1953 жылы 18 тамыз күні Жаңаарқа ауданы Алғабас ауылында дүниеге келген.

Айттыскер ақын, әдебиетші. 1974-1998 жылдары аралығында ауыл шаруашылық саласында еңбек етті. 1999-2002 жылдары аудандық мәдениет бөлімінде қызмет атқарды. 2002-2006 жылдары аудандық «Жаңаарқа» газетінің бас редакторы болды. 2007-2014 жылдары аралығында Жаңаарқа

аудандық мәслихаттың хатшысы, аудан әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды.

2014 жылдан бастап «Жаңаарқа» газетінің бас редактор қызметін атқарып, еңбек демалысына шықса да өмірінің соңына дейін еңбек етті.

Дүйсекең 1986-1990 жылдары Қазақ теледидары ұйымдастырған республикалық ақындар айтысының бірнеше дүркін лауреаты атанды.

Нарманбет Орманбетұлының, А. Байтұрсынұлының, М. Дулатовтың мерейтойларына

байланысты өткізілген ақындар айтысының жеңімпазы. Дүйсекеңнің кабинетінде ақынның қолжазбалары, көптеген



жерлестерінің кітаптары, «Жаңаарқа» газетінің көп жылғы жиынтықтары сақталған.

Биыл жерлесіміз Дүйсекең 70 жасқа толар еді. Соған байланысты аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен «Тұлға» атты еске алу кеші ұйымдастырылды. Сол жиында кітапхана қызметкерлері арнайы кітап сөресін ұйымдастырып, ақынның жүріп өткен жолдарына шолу жасады.

22 қыркүйек күні Дүйсекеңнің өмірден өткеніне алты жыл толады. Дүйсекеңнің жатқан жері жайлы, топырағы мамық болсын.

Дүйсенбай Жұмасейітұлы жерлестерінің, барлық танытын адамдардың жүрегінде мәңгі сақталады.

З.Кабденова,

С.Сейфуллин атындағы кітапхананың ақпараттық библиографиялық бөлімі

5 қыркүйек күні С.Сейфуллин атындағы кітапхананың ақпараттық библиографиялық бөлімінің өлкетану бөлімінің қызметкерлері ақын, жазушы, ауданымыздың құрметті азаматы, аудандық «Жаңаарқа» газетінің редакторы болған марқұм Дүйсенбай Жұмасейітұлының шаңырағына арнайы барды.

Кітапхана қызметкерлерін Дүйсекеңнің жары Гүлпараш апай жылы қарсы алып, ақынның жұмыс кабинетін көрсетіп, шолу жасады. Дүйсекеңнің өмір жолын, еңбек еткен жылдарын, айттысқа қатысып алған марапаттарын көрсетті.

